

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Чернигов ауылдық округінің Харков ауылы аумағында шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Чернигов ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 16 қарашадағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 30 қарашада № 7347 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Әуликөл аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2017 жылғы 27 қыркүйектегі № 405 ұсынысы негізінде Чернигов ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қостанай облысы Әуликөл ауданы Чернигов ауылдық округінің Харков ауылы аумағында ірі қарамалдың бруцеллез бойынша шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.
2. Чернигов ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 28 қарашадағы № 1 "Қостанай облысы Әуликөл ауданы Чернигов ауылдық округінің Харков ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6720 болып тіркелген, 2016 жылғы 14 желтоқсанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Н. Құрманғалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

"Әуликөл ауданы әкімдігінің
ветеринария бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

_____ Ахметжанова Д.А.

2017 жылғы 16 қараша

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігі
Ветеринариялық бақылау және
қадағалау комитетінің Әуликөл

аудандық аумақтық инспекциясы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Тайшибаев А. Т.

2017 жылғы 16 қараша

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы денсаулық
сақтау Министрлігі қоғамдық
денсаулық сақтау комитетінің
Қостанай облысы қоғамдық
денсаулық сақтау Департаментінің
Әуликөл аудандық қоғамдық
денсаулық сақтау басқармасы"
республикалық мемлекеттік
мекемесінің басшысы

_____ Дуйсенов Е. Г.

2017 жылғы 16 қараша